ЖШС «Несібе11» «Айбөпе» балабақшасы

2026-2027 оқу жылына арналған «Айбөпе» балабақшасының консультациялық пунктінің хаттамасы

Scanned with CamScanner

«АЙБӨПЕ» БАЛАБАҚШАСЫ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТІНІҢ ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ

Хаттама № 1

Күні: 4 қыркүйек 2026 жыл

Өткізілген орны: «Айбөпе» балабақшасы

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, педагогтер, ата-аналар.

Күн тәртібі:

1. «Жаңа достармен алғашқы қадам» – балаға үй жағдайында күн тәртібін қалыптастыру кеңесі.

Тыңдалды:

Консультациялық пункттің алғашқы кеңесінде баланың балабақшаға және жаңа ортаға бейімделуі, үй жағдайында күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Ата-аналарға баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұйқы, тамақтану, ойын және серуендеу уақыттарын бірізді ұйымдастырудың маңызы түсіндірілді. Баланың жаңа достарымен қарым-қатынасын қолдау, жағымды эмоциялық орта қалыптастыру және күн тәртібіне біртіндеп бейімдеу бойынша кеңестер берілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер – баланың жеке ерекшеліктерін ескеру, ата-ана мен педагог арасындағы тұрақты байланысты жолға қою және үйдегі күн тәртібін балабақшадағы тәртіппен үйлестіру туралы ұсыныстар айтты.

Қаулы:

1. Балалардың күн тәртібін қалыптастыру бойынша ата-аналарға тұрақты консультациялық көмек көрсетілсін.

2. Баланың жас ерекшелігіне сай ұйқы, тамақтану, ойын және демалыс уақыттарын жүйелі ұйымдастыруды ұсынылсын.

3. Баланың жаңа ортаға бейімделуін бақылау және қажет болған жағдайда жеке кеңес берілсін.

4. Консультациялық пункттің жұмыс жоспарына сәйкес келесі кездесулерді уақытылы өткізілсін.

Хатшы: **Абдикалыкова Д.У**

Scanned with CamScanner